

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Жазықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.11.2017

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/23360/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Пәннің аты	Уақыты:	Кабинет:	Мұғалім
Сабақтың атауы	Жазықтар		
Мақсаты Күтілетін нәтиже	<p>а) Білімділік. Жазықтар, олардың түрлері мен пайда болуы жайлы түсінік беру</p> <p>б) Тәрбиелік. Өз отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімдерін дамыту, қоршаған ортаны қорғауға баулу.</p> <p>в) Дамытушылық. Оқушылардың ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Жер бедері, жазықтар туралы ой — өрістерін дамыту.</p> <p>Өтетін орны: Мультимедия кабинеті</p> <p>Сабақтың типі: Жаңа білімді игеру</p> <p>Сабақтың түрі: Дәстүрлі сабақ</p> <p>Сабақтың әдісі: Сұрақ — жауап, баяндау, өзіндік жұмыс істеу, тірек сызбалар пайдалану.</p> <p>Пәнаралық байланыс: Биология, тарих, химия</p> <p>Сабақтың көрнекілігі: Слайдтар. Электронды оқулық, Дүние жүзінің физикалық картасы, «География және табиғат» журналы, Атлас</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Географиялық диктант</p> <p>1) Таулардың көпшілігі.....(қатпарлардан) тұрады.</p> <p>2) Қатпарлы тауларға.....(Альпі, Кавказ, Кордильер) таулары жатады.</p> <p>3) Тау жыныстарының қатпарлануға ұшыраған қабаттары.....(үлкен қысымның) әсерінен алғашқы илгіштік қасиетін жоғалтады.</p>		<p>Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p>
Қызығушылықты ояту	<p>Мәтінді тыңдап сызбаны толтыру.</p> <p><input type="checkbox"/></p>		

Мағынаны тану	<p>Мұғалемнің түсіндірмесі : Атласпен жұмыс Дүниежүзінің физикалық картасынан ірі жазықтарды табыңдар. Оқушылар тапсырманы орындап болғаннан кейін жаңа сабақтың мазмұнына арналған тірек — сызба көрсетіледі. Электронды оқулықпен жұмыс. Электронды оқулықта Жазықтар. Жазықтардың пайда болуы және өзгеруі тақырыбында берілген дыбысты мәтінді тыңдау. Жазықтардың биіктік айырмашылықтары (слайдтан сызбаны көрсету) Оқулықпен жұмыс. 43 - сурет. Жазықтардың пайда болуы. Бұрын теңіз түбі болып, кейін көтерілудің нәтижесінде пайда болған жазықтарды алғашқы жазықтар деп атайды. Осындай жазыққа Каспий маңы ойпаты жатады. Жер шарында өзендердің тосқындары мен шөгінділерінен пайда болған жазықтарда бар. Мұндай жазықтарға Ұлы Қытай жазығы, Ла - Плата,. Уақытша ағыстардың әрекетінің нәтижесінде жырлар мен сайлар түзіледі. Жыра әдетте өсімдігінен айрылған жалаңаш беткейлерді судың жыруынан пайда болады. Сай да - жыра сияқты ұзынша ойыс. Құм төбелердің төменгі екі жақ шеті ыққа қарай созылып, айшық тәріздес пішінге ие болады. Мұндай құм төбелер шағыл деп аталады.</p>
Сергіту сәті	<p>Шығармақ боп кеше есеп, Жиналғанда5 есек. 3-і ұйықтап отырды, Ынталысы неше есек? (2)</p>
Ой толғаныс	<p></p>
Үйге тапсырма	<p>Мазмұндау .</p>
Бағалау	<p>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</p>
Кері байланыс	<p></p>
	<p>Күнделіктеріне жазып беремін Бағалау парақшасын толтырады. Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады</p>